

## Қамқоршылық кеңесінің онлайн кездесуі

Хаттама № 4

күні: 28.05.2021ж

уақыты: 18.00

қатысушылар : қамқоршылық кеңесі мүшелері, гимназия әкімшілігі

Күн тәртібі:

1. «Жасыл ел» бағдарламасына оқушылардың қамтылуын таныстыру
2. 4,9,11 сыныпты бітірушілердің ата-аналар арасында заңсыз ақша жинауға жол берілмеу туралы гимназия бұйрығын таныстыру.
3. 2020-2021 оқу жылындағы тәрбие шараларындағы ата-аналар белсенділігі

Тыңдалды:

1. Гимназия директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г. Оналбаева қамқоршылық кеңесінің мүшелеріне оқу жылының барысында жасалған қызметтері мен мақсат, міндеттеріне тоқталып өтті. Әрине қамқоршылық кеңесі мектептің оқу-тәрбие жұмыстарын жүзеге асырылуын кеңес отырысында директордың есебін, жоспарлы жұмыстарының іске асуымен таныс болып отырғаны айтылды. Әлі де қамқоршылық кеңесі өз тараптарынан қолдау таныту, ұсыныс пікірлерін білдіру жағы жеткіліксіздеу болды. Бірақ жекелеген мүшесі А. Самкулова өзінің ұжымынан мектептегі жалғызбасты ата-ананың күйік шалған жағдайында отбасына тұрмыстық техникалар жағынан көмек ұйымдастырды. Сол сияқты қалалық жаңа –жыл мерекесіне арналған шыршаны қазақтың ұлттық оюмен жасалған құрақ құрау өнерін дайындауға қамқоршылық кеңесі төрайымы Ғ. Үрметованың ұйымдастыруымен 4 қамқоршылық мүшесі қолдау танытты. Биылғы жылдың маусым айында, оқушылардың жазғы демалысы кезінде еңбекпен қамту туралы «Жасыл ел» бағдарламасына оқушылардың қамтылуын таныстыру жайында 14 жастан жоғары жалпы 40 оқушы ұсыныс жасалды. Соның ішінде Білім басқармасынан маусым айына 6 оқушымен келісім шарт жасалуы тапсырылды.

Қамқоршылық кеңесінің келісімімен 6 оқушы тізімі жасалды. Олар:

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Әлеуметтік жағдайы
1.	Уахитов Диас Нариманұлы	8 «Б»	Көп балалы
2.	Алпыс Нурдина	8 «Ж»	Көп балалы
3.	Көпбосын Тамерлан	8 «З»	Көп балалы
4.	Бақытжанқызы Балжан	8 «Е»	Ата-анасы ажырасқан
5.	Мақсатқызы Жамиля	8 «Г»	Көп балалы
6.	Махамбет Нариман	8 «Г»	Жалғыз басты ана

## №67 гимназиясы Қаморшылық кеңесінің отырысы

### Хаттама № 4

Күні: 14.05.2021ж.

Уақыты: 12.00

Қатысушылар: Қамқоршылық кеңесі мүшелері, әлеуметтік педагогтер

#### Күн тәртібінде:

1. «Жасыл ел» еңбек жасақтары қатарына мектеп оқушыларын қамту туралы – Ғ. Үрметова

#### Тыңдалды:

1. Гимназияның әлеуметтік педагогы А. Алжаппарова сөз алды: жазғы маусым айларында мектеп оқушылары мен жасөспірімдердің еңбекпен қамтылуын «Жасыл ел» еңбек жасақтары жобасы негізінде мектеп ауласы ішінде 14-17 жас аралығындағы оқушыларды еңбекке баулу туралы түсіндірме жұмысы жүргізілді. «Жасыл ел» жобасы бойынша 8-10 сынып жетекшілеріне таныстырылып, еңбекпен қамтуға көпбалалы отбасы, аз қамтылған отбасы, есепте тұрған оқушылардан тізім жасақталуы айтылды. Жазғы маусым жұмысына ұсыныс білдіріп отырғандар саны -44, соның ішінде Қамқоршылық кеңесінің келісімімен 6 оқушы тізімі жасалды. Олар:

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Мәртебесі
1.	Уахитов Диас Нариманұлы	8 «Б»	Көп балалы
2.	Алпыс Нурдина	8 «Ж»	Көп балалы
3.	Копбосын Тамерлан	8 «З»	Көп балалы
4.	Бақытжанқызы Балжан	8 «Е»	Ата-анасы ажырасқан
5.	Мақсатқызы Жамиля	8 «Г»	Көп балалы
6.	Махамбет Нариман	8 «Г»	Жалғыз басты ана


2. Қамқоршылық кеңесі төрайымы сөз алды Ғ. Үрметова: оқушылардың ішінде отбасылық жағдайына қарай, көмекке мұқтаж жағы қарастырылғаны жөн. Қалған оқушыларды басқа маусымға тізімге жасақталып қойылса.
3. Әлеуметтік педагог Ж. Жұман сөз алды: жазғы маусымның бірінші кезеңі 01-30 маусым күндері жүргізіледі. Қатысушы 6 оқушының ата-анасы мектеппен келісім шартқа отырады.

Қаулы:

1. «Жасыл ел» еңбек жасақтары қатарына мектеп оқушыларын қамту туралы тізімдегі 6 оқушы ұсынылады.

Әлеуметтік педагог

Қамқоршылық кеңесі төрайымы  
Қамқоршылық кеңесі мүшесі  
Қамқоршылық кеңесі мүшесі



А. Алжаппарова  
Ж. Жұман  
Г. Үрметова  
М. Тұрсынова  
Э. Дүйсенбаева



2. 4,9,11 сыныпты бітірушілердің ата-аналар арасында заңсыз ақша жинауға жол берілмеу туралы 2021 жылдың 21 мамыр №55 гимназия бұйрығы таныстырылды. Қамқоршылық кеңесінде отырған 11 сыныптардың ата-аналары сыныптың ата-аналарына түсіндірме жұмыстарын жүргізу тапсырылады. Мектепті бітірушілер арасында тыйым салынған шараларға жол берілмеуін қатаң ескертілетіні айтылды.
3. 2020-2021 оқу жылындағы тәрбие шараларында қашықтан оқыту жағдайында сынып сағаттары мен сыныптан тыс шараларға ата-аналар белсенді қатысты. Соның ішінде мерекелік атаулы күндерге арналған тақырыптарға бастауыш сынып ата-аналары бейнероликтер мен суреттер салу, виртуалды көрмелер ұйымдастырылды. Сынып жетекшілермен тығыз байланыс жасай отырып, оқушы-ата-ана бірлескен онлайн тәрбие шаралар жүргізілді.

**Сөз қамқоршылық кеңесі Ф. Үрметова:** биылғы оқу жылында қамқоршылық кеңесі құрамында көпшілікті ұсынысымен төрайым болып сайланды. Төрайымның жұмысы жауапты қызмет деп түсенімін. Мектеп әкімшілігімен жиі байланыста отырдым. Директордың мектеп бюджетін жоспарлау отырысына қатыстым. Әлеуметтік желіде тікелей эфирде қамқоршылық кеңесі жұмысын атап көрсетілді. 2020-2021 оқу жылының I жартыжылдығының есебі жасалды. Қамқоршылық кеңесі мүшелерімен бірлескен жұмыстар да жүргізілді. Жыл басында әлеуметтік жағдайына байланысты отбасыдларына мемлекеттік көмек берілу тізімін құруға комиссия құрамы жасақталды. Мектептің жазғы мауысында «Жасыл ел» жобасына еңбекпен қамтуға 6 оқушының тізімін жасауда 3 кеңес мүшесі қатыстық, бірақ қамқоршылық кеңесінің барлық мүшелеріне ақпараттандыру жағын білмегендіктен оны хабарламадым. Тәжірибемнің әлі де жетіспейтін тұстары бар, қамқоршылық кеңесі мүшелері барлық жұмыстарға белсене ат салысу жағына қолдау көрсетілгені дұрыс деп ойлаймын.

**Сөз әлеуметтік педагог А. Алжаппарова:** «Жас ел» жобасына алынған оқушылар отбасы жағдайы төмен, жалғызбасты аналар, үйінде мүмкіндігі шектеулі балалары бар, тұрмыс-жағдайлары қиын, күнкөріс кірісі аз отбасының балалары алынды. Қалған резервтегі оқушыларды қосымша хабарлама жасалған кезде ата-аналарға шығып хабарласамыз.

**Сөз қамқоршылық кеңес мүшесі Ж. Ербозова:** менің отбасымда көпбалалымын. Баламды еңбекке тәрбиелеуде жұмыс жасауға қолдау көрсетемін. Егер мектепте тұрмыс-жағдайына қарап 6 оқушы алынса оған түсіністікпен қараймын, ешқандай ренжімемейін, басқа жақтан жұмыс тауып жасауға болатынын балама түсіндірдім.

**Сөз қамқоршылық кеңес мүшесі Л. Абдрахманова:** «Жасыл ел» туралы мен де көпбалалы отбасынан болсам да сынып жетекшіміз әзірге 6 оқушыны алғанын айтып түсіндірді. Оған келісіммен қарадық. Сонымен қатар жыл бойына қамқоршылық кеңесінің жұмысын атқарып келген төрайымы Ғазизаға рахмет, мектеппен тығыз байланыс жасап отырды. Жиналыстарға қалмай қатысып отырамын, мектептің кейбір шараларына жұмыста болғандықтан бара алмаған кезіміз болды.

**Директордың тәрбие менеджері Асан жақанұлы сөз алды:** мектепте әдеп кеңесі жұмыс жасайды. Бүгінгі жиналыста айтылған бітіруші сыныптардың ата-аналары сынып жетекшіге сыйлық басқа да нәрсеге ақша жинау жағы жол берілмеу қажет. Егер сондай жағдай анықталса сынып жетекші әдіп кеңесінде қаралатынын ескерткім келеді. Құрметті ата-аналар келеңсіз жағдайларды болдыртпай алдын алуда сіздерге түсндіріп отырмын.

**Қаулы:**

1. «Жасыл ел» бағдарламасына тізімделген оқушыларды 6 оқушыны және резервтегі оқушылардың жазғы маусым кезінде еңбекпен қамтылуы әлеуметтік педагогке тапсырылсын.
2. 4,9,11 сыныпты бітірушілердің ата-аналар арасында заңсыз ақша жинауға жол берілмеу туралы гимназия бұйрығын орындау және басқа сыныптардың ата-аналарына түсіндірме жұмысын жүргізу қамқоршылық кеңесі мүшелеріне тапсырылсын..
3. 2020-2021 оқу жылындағы тәрбие шараларындағы ата-аналар белсенділігі алдағы оқу жылында арттыру тәрбие орынбасарына тапсырылсын.

Хатшы:



Г. Оналбаева



**№67 гимназиясы қамқоршылық кеңесінің отырысы**  
(кезектен тыс)

**Хаттама №5**

Күні: 11.02.2021ж.  
Уақыты: 16.00  
Өткізілу түрі: онлайн ZOOM форматы  
Қатысушылар : қамқоршылық кеңесі мүшелері, мектеп әкімшілігі

**Күн тәртібі:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 25 ақпанда № 13227 болып тіркелді.  
Г. А. Абдраманова гимназия директоры

**Тыңдалды:**

1. Гимназия директоры Г. А. Абдраманова қамқоршылық кеңесі мүшелеріне Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 25 ақпанда № 13227 болып тіркелді. "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 24) тармақшасына, 26-бабының 13-тармағына, 38-бабының 3, 5-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1) осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысаны;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығына 2-қосымша Нысаны – туралы Әділет министрлігінің бұйрығымен таныстырып, тармақшаларына толық түсіндірді.

Білім беру ұйымы мектеп пен ата-ана арасында білім берушіге арналған өзара шарттың болуы және сол шарттың талаптарына сәйкес мектеп және ата-ана жауапкершіліктері мен міндеттерін жан-жақты түсіндіріліп өтті.

**Сөз қамқоршылық кеңесі мүшесі Қолтыш Айман:** таныстырылып отырған 93 бұйрықтың 2-ші қосымшасындағы ата-ана мен мектеп арасында болатын шарттың қажеттілігі, ол өз баламыз үшін қажет екенін түсінеміз.

**Сөз қамқоршылық кеңесі мүшесі Стамкулова Айнаш:** әрине баланың қауіпсіздігі мен білім алуындағы ата-ана тарапынан болатын жауапкершілік міндеті болғаны дұрыс. Ол заңды түрде жүзеге асырылуы қажет.

**Сөз қамқоршылық кеңесі мүшесі Новаева Шолпан:** мектеп штаттық режимде жүргенде балалар үшін өте қызықты, ата-аналар да мектептің оқу-тәрбие үдерісіне белсенді араласып жүрдік. Қазіргі уақытта әрине онлайн режимге де

қалыптастық, сабақты, сыныптан тыс жұмысты ата-анамен бірлесе орындалып, біздің жауапкершілігіне жүктелген. Сол себепті мектеп пен ата-ана арасындағы шарттың болуы маңызды деп түсінемін.

Гимназия директоры Г. Абдраманова қатысушы қамқоршылық кеңесі мүшелеріне мектептің ата-аналарына осы келесім шарты туралы дұрыс түсіндірмелер жасалуын, сынып жетекшілер ата-аналарға дұрыс түсіндірме жұмыстарын жүргізілуін тапсырды.

Қаулы:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығына 2-қосымшаға сәйкес ата-ана мен мектеп өзара келісімді шарт орындалуы ата-ана мен білім беру ұйымы арасында жүргізілсін.

#### Қатысушылар:

1. Үрметова Ғазиза - төрайымы
2. Новаева Шолпан - мүшесі
3. Стамқулова Айнаш - мүшесі
4. Сәкенова Райгуль - мүшесі
5. Ербозова Жадра - мүшесі
6. Қолтыш Айман - мүшесі
7. Абдрахманова Лаура - мүшесі
8. Дюсенбаева Эльмира - мүшесі
9. Кульмаганбетов Нурлан - мүшесі
10. Еспаев Бакытбек - мүшесі
11. Онлабаева Гулнар - тәрбие орынбасары
12. Рахметуллин Асан - тәрбие менеджері
13. Әмитова Жайна - оқу менеджері

Директор:  Г. Абдраманова

Хатшы:  Г. Оналбаева

